

Ақмола облысының білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша
«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-і

«Қазақстанның көне қалаларының тарихы»
(7 – сыныпқа арналған үйірме жоспары)

Пән мұғалімі: Кожаметова Алия

2025-2026 оқу жылы

Келісілді *Асқар*
Директордың ТІЖ орынбасары:
Кожухметова А

Бекітемін *Асқар*
Мектеп директоры:
П.Т.Сергазинова



Үйірменің құрылымы:

- 1) Түсінік хат
- 2) Курс мақсаты
- 3) Курс міндеттері
- 4) Күнтізбелік жоспар
- 5) Пайдаланылған әдебиеттер

Түсінік хат:

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін экономикалық және мәдени орталықтар ретіндегі қалалар мәселесінің көтерілуі оның әрбір қаланың тарихын жазуды қажет етеді. Азаттық алған халықтың тек бүгінгісін біліп қана қоймай, өткенге де үңіліп, тарихымызды зерттеу, зерделеу маңызды. Осыған орай тәуелсіздік алып, егеменді ел болғаннан бері жаңа көзқарасты қажет ететін тарих ғылымындағы зерттеуден шет қалмаған маңызды тақырыптардың бірі – қалалар тарихы.

Қазақстан қалаларының тарихы Қазақстан жеріндегі ежелгі дәуірден бастап күні бүгінге дейін сақталған қалалар мен қалалық қоныстар, сол сияқты қазіргі кезеңде өмір сүріп отырған ел ішіндегі қалалардың тарихын оқытуға бағытталған. Курстың мазмұнында Қазақстан жерінде орналасқан қалалар мен қалалық қоныстардың пайда болуы, алғашқы кен өндірісі, сауда-ақша қатынастары, қала мен дала мәдениетінің өзара қарым – қатынастары шеңберінде қызықты мағлұматтармен суреттеледі. Ортағасырлық әкімшілік және экономикалық маңызы бар қалалардың Орта Азия елдерімен, Еуропа, Қытай және басқа да шет мемлекеттермен сауда-экономикалық және дипломатиялық байланыстары туралы, қазақ елінің астанасы мәртебесін алған қалалар тарихы, ортағасырлық жәннен жаңа кезеңдегі Сыр бойындағы, Жетісу, оңтүстік Қазақстан жеріндегі қалалар үшін болған дала билеушілерінің өзара күрестері мен олардың нәтижелері және тағы басқа да тарихи оқиғалар сабақ барысында оқытылып, талданатын болады.

Қалалар тарихының маңыздылығы туралы ғалым-философ Ғ. Есімнің «Дүниеде бар нәрсе жоғалып кетпейді, сондықтанда мемлекеттің негізгі ұлттық байлығының бір бөлігін жасақтауға септігін тигізуші қалалардың жүйесін сақтап қалу керек. Онсыз қалаларды жоғалтуымыз мүмкін, яғни қалалардағы рухани-материалдық құндылықтардан айырылып қалуымыз мүмкін» - деп нақты айтып өтеді. Қалалар халықтың экономикалық, саяси және рухани өмірінің орталығы ретінде көрініс ала отырып, қоғам дамуында жетекші рөл атқарады.

Курс мақсаты:

- Рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени мұрасының сақталуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- Еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және қалпына келтіру;
- Қазба жұмыстарының соңғы нәтижелерімен танысу арқылы пәнге деген қызығушылықтарын қалыптастыру;
- Оқушыларды түрлі тарихи құжаттарды жан-жақты талдай білуге, өз ой пікірін ашық айтуға үйрету, оқушылардың ой-өрісін дамыту.

Курс міндеттері:

- Қазақстан қалаларының тарихи кезеңдерін анықтау;
- Археологиялық және деректік құжаттарға талдау жасау; ежелгі және ортағасырлық деректердегі қалалардың бейнесін, хронологиясын, әлеуметтік құрамын, құрылысын және саяси-экономикалық маңызын зерттеу;
- Қазақстанның тарихи даму кезеңдеріндегі қалалардың тарихи маңызы мен өзіндік ролін анықтау;
- Қазақстан қалаларының күрделі де қызықты қалыптасу тарихы және қалалардың саяси-әкімшілік, мәдени қызметі, жөнінде білім беру.
- Оқушылар еліміздің және өздері туып-өскен қалалары туралы білімдері мен картамен жұмыс істеу дағдыларын, өз ойын еркін жеткізе білу, дәлелдей алу біліктілігін дамыту.
- Туған қаласының Отан тарихына қосатын үлесін байыпты айта білуге, түсіне білуге, өз туған жерін, қалаларын көркейтуге үлестерін қосуға тәрбиелеу.

Оқу жүктемесінің көлемі: аптасына 1 рет, оқу жылында 34 сағат

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	Кіріспе	1	03. 09. 2025
2	Қазақстан қалаларының пайда болуы мен дамуы	1	10. 09. 2025
3	Сақ, үйсін, қаңлы қалалары	1	17. 09. 2025
4	Талхир қаласы	1	24. 09. 2025
5	Баласағұн қаласы	1	01.10.2025
6	Сығанақ қаласы	1	08.10.2025
7	Қойлық қаласы (Қаялық)	1	15.10.2025
8	Тараз қаласы	1	22.10.2025
9	Құлан қаласы	1	05.11.2025
10	Ақыртас қаласы	1	12.11.2025
11	Аспара қаласы	1	19.11.2025
12	Сайрам қаласы (Испиджаб)	1	26.11.2025
13	Йасы қаласы (Түркістан)	1	03.12.2025
14	Отырар қаласы	1	10.12.2025
15	Сауран қаласы	1	17.12.2025
16	Баладж қаласы (Баба-Ата қалашығы)	1	24.12.2025
17	Арал-Асар қалашығы	1	14.01.2026
18	Сарайшық қаласы	1	21.01.2026
19	Жайық қалашығы	1	28.01.2026
20	Қимақтар қалалары	1	04.02.2026
21	Аркөк қаласы	1	11.02.2026
22	Атлах қаласы	1	18.02.2026
23	Жанкент қаласы (Янгикент)	1	25.02.2026
24	Жент қаласы	1	04.03.2026
25	Кедер қаласы	1	11.03.2026
26	Қарасаман қаласы	1	18.03.2026
27	Науакет қаласы	1	01.04.2026
28	Созақ қаласы	1	08.04.2026
29	Суяб қаласы	1	15.04.2026
30	Хурлуг қаласы	1	22.04.2026
31	Шабғар қаласы	1	29.04.2026
32	Шымкент қаласы	1	06.05.2026
33	Алматы қаласы	1	13.05.2026
34	Қорытынды	1	20.05.2026

Пайдаланылған әдебиеттер

1. К. Байпақов Қазақстанның ежелгі қалалары А., Аруна, 2005. – 316 бет
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. А., Атамұра, 1998. -544 б.
3. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек Жолы және Ортағасырлық Қазақстан. А., Қазақстан, 1992. -208 б.
4. Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана .А, 1979.с -252.
5. Средневековые города Казахстана (книга-альбом) –А, Өнер, 2006. 200 с.
6. Мұстафин Ж. Сарайшық қаласының тарихы мен тағдыры. Орал, 2004. 30 б.
7. Сыр өңірі тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). –А, Атамұра, 1998. -288 б
8. Жеріңнің аты-Еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. -А,Аруна, 2006. - 808 б
9. Елеуов М. Шу мен Талас өңірінің ортағасырлық қалалары. (ҮІ-ҮІІ ғ. басы). Алматы, 1998.
10. Жолдасбаев С. Жетісу аймағындағы елді мекендер мен тұрақ- жайлардың даму тарихы. Алматы, 1997.
11. Жолтай Жұмат. Қожа Ахмет қаласы. Алматы, 2000.

**Қазақстанның көне қалаларының тарихы үйірмесіне қатысатын оқушылар
тізімі 2025-2026 оқу жылы**

№	Оқушылардың аты-жөні	Туған күні, айы жылы	Сыныбы
1	Айтжан Даяна Ержанқызы	30.09.2012	7
2	Әділбекұлы Ерасыл	14.07.2012	7
3	Әділбекқызы Жансая	14.07.2012	7
4	Бақтұрсын Түлен	19.03.2013	7
5	Бахытжан Іңкәр Болатбекқызы	20.11.2012	7
6	Бопалаков Алихан Куанышевич	11.01.2013	7
7	Ерболатұлы Нұрдаулет	28.06.2013	7
8	Жиенбек Әділет Баянұлы	29.04.2013	7
9	Қанат Айсара Олжасқызы	10.02.2013	7
11	Нұрсапа Нұрасыл Нұржақыпұлы	20.06.2013	7
12	Нұрболат Жансерік	12.01.2013	7
12	Рахман Шалғын Сәулебекұлы	25.12.2012	7
13	Рахымжан Ерасыл Болатбекұлы	13.12.2012	7